

М.Қ. Егізбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: egyzbavamk@gmail.com

ҚАЗАҚ КИІЗ ҮЙІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТІҢ БЕЛГІЛІК ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ

Мақаланың басты мақсаты – киіз үйдің зерттелу мәселесін, қазақ мәдениетінің белгілік жүйесіндегі киіз үйдің рөлін, киіз үй бөліктері және жалпы баспанаға қатысты әдет-ғұрыптардың семантикалық мағынасын саралау.

Зерттеудің негізгі ұстанымдары бірнеше әдістер арқылы талданды. Бірінші, салыстырмалы-тарихи әдіс: тарихи бірізділікті сақтай отырып, қазақ киіз үйі құрылысының ерекшеліктері, оған қатысты негізгі ғұрыптық іс-әрекеттер, ғұрыптың мағынасы және солардың негізінде киіз үйге қатысты ерекше этнобелгілер анықталды. Екіншіден, жүйелілік әдісі: киіз үйді дәстүрлі дүниетаным және тіршілікке жүйесінің басты құрастырушысы ретінде қарастыру. Үшіншіден, пәнаралық әдіс: киіз үйге қатысты ғұрыптардың тұрақты және өзгеріске ұшыраған элементтерін анықтау және киіз үй атауына, қалыптасуына қатысты талдау жасау үшін этнографиямен сабақтас лингвистика, фольклористика, археология, дінтану сияқты пәндердің мәліметтері қолданылды.

Мақаланың ғылыми жаңалығы – киіз үйге қатысты этнографиялық, археологиялық, лингвистикалық деректерді талдау арқылы қазақ халқының, жалпы түркі-моңғол тайпаларының мәдени даму деңгейі, күрделі идеологиясы сараланды.

Мақаланың құндылығы киіз үйдің қазақ мәдениетінің этнобелгілік жүйесін зерттеудегі этнографиялық дереккөзі ретінде қарастырылуында. Мақалада символ (белгі) киіз үйдің ерекше мағынасын сипаттайтын дерек ретінде талданды.

Қазақ киіз үйі – ежелгі заманнан бері қолданылып келе жатқан дәстүрлі тұрғын үй, Ұлы дала тұрғындарына тән жылжымалы баспананың түрі. Баспананың бұл түрінің бірегейлігі, киіз бен ағаштан жасалған ерекше әсем сәулеті бүгінде әр бір қазақ үшін Отанның, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің символына айналып отыр.

Түйін сөздер: этнос, ұлт, этнография, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, тұрғынүй.

M.K. Egyzbaeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: egyzbavamk@gmail.com

Problems of research of the Kazakh yurt and its place in the iconic system of culture

The main purpose of the article is to analyze the problem of yurt research, the role of the yurt in the symbolic system of Kazakh culture, as well as the semantics of the meaning of customs and rituals concerning various parts of the yurt and traditional housing.

The main provisions of the study were analyzed by several methods. The first is a comparative historical method: while preserving the historical sequence, the features of the structure of the Kazakh yurt, the main ritual actions associated with it, and on their basis, specific ethnic signs of culture in relation to the yurt were identified. Secondly, the method of consistency: consideration of the yurt as the main component of the traditional life support system and the worldview of the Kazakhs. Thirdly, an interdisciplinary method: to identify stable and changing elements of the rituals associated with the yurt, and to analyze the name and formation of the yurt, data from disciplines related to ethnography, such as linguistics, folklore, archeology, religious studies, were used.

The scientific novelty of the article lies in the fact that through the study of ethnographic, archaeological, linguistic data concerning the yurt, the level of cultural development, the complex ideology of the Kazakh people and the Turkic-Mongolian tribes as a whole was analyzed.

The scientific value of the article lies in the fact that the yurt is considered as an ethnographic source in the study of the ethnographic system of Kazakh culture. The article analyzed the symbol as a source that characterizes the special meaning of the yurt.

The Kazakh yurt is a traditional dwelling that has existed since ancient times, and is used to the present day. The uniqueness of this type of dwelling, architecture created from felt and flexible willow

rod, has become today for every Kazakh a capacious symbol of the Motherland, the ancient culture of the people.

Key words: ethnos, nation, ethnography, custom, rite, dwelling.

М.К. Егизбаева

Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: egyzbaevamk@gmail.com

Проблемы исследования казахской юрты и ее место в знаковой системе культуры

Основная цель статьи – проанализировать проблему исследования юрты, роль юрты в знаковой системе казахской культуры, а также семантику значения обычаев и обрядов, касающихся различных частей юрты и традиционного жилья.

Основные положения исследования были проанализированы несколькими методами. Первый – сравнительно-исторический метод: с сохранением исторической последовательности были выявлены особенности структуры казахской юрты, основные ритуальные действия, связанные с ней, и на их основе, выявлены специфические этнознаки культуры по отношению к юрте. Во-вторых, метод системности: рассмотрение юрты как главного составляющего традиционной системы жизнеобеспечения и мировоззрения казахов. В-третьих, междисциплинарный метод: для выявления устойчивых и изменяющихся элементов обрядов, связанных с юртой, и анализа названия и формирования юрты, использовались данные смежных с этнографией дисциплин, таких как лингвистика, фольклористика, археология, религиоведение.

Научная новизна статьи заключается в том, что при помощи изучения этнографических, археологических, лингвистических данных, касающихся юрты, был проанализирован уровень культурного развития, сложная идеология казахского народа и тюркско-монгольских племен в целом.

Научная ценность статьи заключается в том, что юрта рассматривается как этнографический источник в изучении этнознаковой системы казахской культуры. В статье был проанализирован символ как источник, характеризующий особое значение юрты.

Казахская юрта – традиционное жилище, существующее с древности, используется до настоящего времени. Неповторимость этого типа жилища, архитектуры, созданной из войлока и гибкого ивового прута, стала сегодня для каждого казаха емким символом Родины, древней культуры народа.

Ключевые слова: этнос, нация, этнография, обычай, обряд, жилище.

Кіріспе

Қазақ халқының дәстүрлі баспанасының бет-бейнесі халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылық ерекшеліктеріне, әлеуметтік-экономикалық қатынастардың деңгейіне, географиялық ортасына, сонымен қатар, халықтың тарихи тағдырымен тығыз байланысты болды. Баспана түрлерінің пайда болуына, сипатына сол кезеңдерде болған және белгілі бір аймақтағы саяси оқиғалардың, қоғамдық өмірдегі өзгерістердің де әсері болғандығын тарихи, археологиялық және этнографиялық деректер растайды.

Көшпенділер киіз үйі – ұзақ мерзімді дамудың, қарабайыр тұрғын үй түрлерінің біртіндеп жетілген түрі. Қазақ киіз үйінің рухани-мәдени және ғылыми-философиялық мәнін ашатын киіз үй рәміздері ерекше назар аударуға лайық. Көшпелі мәдениеттің символизмі әлемге деген философиялық қатынасты білдірді және халықтың өмір сүру нормасы саналды. Қазақ

үшін қоршаған әлем мен өмір философиясы бір-бірінен ажырамай, тығыз байланысты болды. Осы тұрғыдан алғанда ұлттық бет-бейнемізді көрсететін киіз үйдің қазақ этнографиясында алатын орнын саралау өзекті мәселе болып табылады.

Бірқатар қазақстандық Ә. Төлеубаев, Н. Шаханова, М.Қарақұзова, Ж. Хасанов, Б. Ибраев сияқты ғалымдар қазақ киіз үйінің құрылымындағы ежелгі ғарыш жүйесінің көрініс табуы туралы жазды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің негізгі ұстанымдары бірнеше әдістер арқылы сараланды. Бірінші, салыстырмалы-тарихи әдіс: қазақ халқының киіз үйі белгілі бір ерекшеліктеріне байланысты зерттелді (қазақ киіз үйі құрылысының ерекшеліктері, оған қатысты негізгі ғұрыптық іс-әрекеттер, ғұрыптың мағынасы) және солардың негізінде киіз үйге қатысты тарихи бірізділікте ортақ және ерек-

ше белгілері анықталды. Екіншіден, жүйелілік әдісі: киіз үйді дәстүрлі дүниетаным және тіршілікқамы жүйесінің басты құрастырушысы ретінде қарастыру. Үшіншіден, пәнаралық әдіс: киіз үйге қатысты ғұрыптың тұрақты және өзгеріске ұшыраған элементтерін анықтау үшін этнографиямен сабақтас пәндердің (лингвистика, фольклористика, археология, дінтану) мәліметтері қолданылды.

Мақалада археологиялық материалдар мен жазбаша дереккөздерді зерттеу әдістеріне негізделген этнологиядағы тарихи әдіс қолданылды. Яғни, киіз үйдің пайда болуына байланысты археологиялық және ортағасырлық жазба деректер сараланды.

Жазбаша дереккөздерді зерттеу де қажетті ақпаратты алудың сенімді жолы. Лингвистика ғылымының мәні этнолингвист ғалымдар жақын тілдердің арақатынасын және олардың туыстық дәрежесін анықтау үшін әртүрлі тілдердегі белгілі бір сөздер мен терминдерді салыстырады. Сол себепті мақалада киіз үй және оның бөлшектеріне қатысты түркі және моңғол тілдеріндегі атауларын салыстырмалы түрде саралаған деректер қолданылды.

Нәтижелері және талқылау

Қазақ киіз үйінің зерттелуі және пайда болуына байланысты мәселелер. Қазақ киіз үйі баспана түрлері ішіндегі толығымен суреттелген түріне жатады. Н.Н. Харузин XX ғ. басына дейінгі жазылған еңбектердің арасында қазақтың дәстүрлі баспана түрлерін ғылыми негізде талдауға тырысқан алғашқы автор. Н.Н. Харузиннің «История развития жилища у кочевых и полукочевых тюркских и монгольских народностей России» атты еңбегінде түркі және моңғол тілдес халықтар баспанасының жалпы тарихы салыстырмалы түрде сараланған.

Төңкерістен кейінгі уақытта қазақтың баспанасы туралы еңбектер 1920 жж. жарық көре бастады. Осындай еңбектердің бірі – қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысы жөніндегі Б.А. Куфтиннің монографиясы. Б.А. Куфтин ғылыми еңбектер мен музей мәліметтерін, түркі және моңғол тілдерінде кездесетін терминдерді саралап, қазақ және моңғол киіз үйлеріне салыстырмалы талдау жасаған.

Крассовский, Зеланд, Краснов, Костенко сияқты зерттеушілер еңбектерінде киіз үй жан-жақты суреттелген. 1893 ж. Орыс Географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің жинағында

жарық көрген П.Е.Маковецкийдің «Юрта» деген мақаласының маңызы зор. Мақалада П.Е.Маковецкий киіз үйдің құрылымы мен ішкі интерьерін толықтай сипаттаған, бірақ оның қалыптасу мәселесі мен локальдық өзіндік ерекшеліктерін талдамаған.

Белгілі түрколог ғалым В.В. Радлов «Из Сибири» атты еңбегінде қазақ киіз үйін өзге түркі және моңғол тектес халықтардың киіз үйлерімен салыстыра сипаттаған. В.В. Радловтың пікірінше, қазақтың киіз үйінің іші бай жиһаздарымен ерекшеленеді. Ғалым еңбегінде қазақ киіз үйінде сырты әшекейленген кеселер мен табақтардың көп екені, ыдыс-аяқтар қойылатын жердің шимен қоршалғандығы және ыдыс салатын қаптардың орнына жәшіктерді көптеп қолданғандығы туралы жазады. Қазақ халқының төсек-орнының таза, төсектің үстіне жастықтар тасталып, қадірлі қонақтар мен үй иелеріне арналған үйдің жоғарғы бөлігіне кілем, төменгі бөлігіне киіз төселгендігін айтады [Радлов, 1989:290].

Ә.Х. Марғұлан өзінің еңбегінде XIX ғ. аяғында орыс князі Николай Николаевичке Зайсан қазақтарының ерекше әсемделген киіз үйді сыйға тартқандығын жазады. Киіз үйдің барлық күлдіреуіштері таза күмістен жасалып, сырты толығымен ақ киізбен қапталған және жібекпен, күміспен және алтынмен кестеленген [Марғұлан, 1962:23].

1903 жылы Батыс Моңғолиядағы саяхатын аяқтап, қайтар жолында Қазақстанның шығыс өңірлерінде болған Г.Е. Грумм-Гржимайло, осы сапарында жинақталған мәліметтер негізінде «Западная Монголия и Урянхайский край» атты үш томдық еңбегін жазды. Осы еңбектің екінші кітабының III-томында, Қазақстанның шығыс өңірлерін мекендеп отырған наймандар мен абақ-керейлердің киіз үйі жөнінде жазады [Грумм-Гржимайло, 1926:195].

Жетісу қазақтарының баспанасы туралы қызықты мәліметтерді 1926 ж. Н.А. Баскаков жинақтап, осы материалдардың негізінде көшпелі және тұрақты баспана түрлері, баспана иесінің қоғамдағы әлеуметтік орны туралы мақала жазып шықты. Осы орайда Ә.Х. Марғұланның «Казахская юрта и ее убранство» атты мақаласының да тақырыпқа қатысты толымды еңбектердің бірі екендігін атап өткен жөн.

Киіз үйдің шығу тегі туралы да әртүрлі пікірлер қалыптасқан. Киіз үйді бедуин шатырынан, Сібір чумынан, шалаштан шыққан деген

көзқарастар бар. М.Ростовцев, А.М.Хазанов, Л.Г.Нечаев, Б.Н.Граков, П.Н.Шульц, С.И.Вайнштейн, Ә.Х.Марғұлан, Е.Е.Кузьмина, В.А.Лившиц: «Киіз үйдің түпнұсқасы (прототипі) – скифтік шатырлар» – деп, ал С.И. Вайнштейн, М.С. Мұқанов: «ғұндардың жарты-шар шалашы» – деп пікір білдіреді.

Ғалымдар андронов тұрғын үйлерінің дамуын зерттеу барысында киіз үйдің алғашқы прототипі осы кезеңде пайда болды деген шешімге келді.

Белгілі археолог А.М. Оразбаев Андронов елді мекендеріне жататын Шағалалы, Петровка, Атасу, Бұғұлы қоныстарын қазу барысында б.з.д. XII-IX ғғ. жататын қабаттарынан көлденең сырықтардан тұратын қабырғалары, ағаш шарбақтардан құралған, конус немесе пирамида тәрізді, түгін шығатын жеріндегі тіреуге бекітілген жабыны бар дөңгелек немесе көпқырлы құрылыстарды ашты. Сондықтан, киіз үй ерте кезде шыққан және оның прототипі, прообразы андроновтықтардың дөңгелек жеңіл тұрғын үйі болған деуге негіз бар [Оразбаев, 1970:56].

Зерттеушілер «киіз үй алғаш түркі халықтарында пайда болып, одан моңғолдар үлгі алған» – деген пікірді бір ауыздан жақтайды. Бұл жайында М.С. Мұқанов: «XIII ғ. басында моңғолдардың негізгі бөлігі ғұн үлгісіндегі баспаналарды пайдаланғаны, олардың киіз үйді де білгенін, оны да түркілерден үлгі еткенін, алайда ондай үйлер моңғол хандары мен билеуші топтарында ғана болғанын ортағасырлық зерттеушілердің шығармаларында да расталған» – деп жазады [Муканов, 1981:89].

Орыс тіліндегі «юрта» деген сөзбен киіз үйге тікелей қатысы бар түрік тілдеріндегі «йурт» сөзінің тығыз байланысы бар екенін аңғару қиын емес. «Йурт» этимологиясына келетін болсақ, бұл сөздің көне мағынасы – «жер кеңістігі», «қоныс» дегенді білдіреді.

Шаңырақ. Киіз үй шаңырағы қазақ баспанасының ең қасиетті бөліктерінің бірі, ұрпақ жалғасының символы болып табылады. Шаңырақпен көптеген мәдени-тарихи оқиғалар, ұғымдар, рәміздер, қазақтың киелі дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары тығыз байланысты.

Шаңырақтың семантикасын, оның шеңбер түріндегі жоспарын зерттей отырып, Р.Р. Фатиков шаңырақтың құрылымын сақ-скифтердің [Фатиков, 1980: 179] әлем моделі түсінігіне жақын деген қорытындыға келді. Біздің ойымызша, әлем моделін тек жеке шаңырақ ғана

емес, жалпы киіз үйдің өзі құрап тұр. Киіз үйдің кеңістігі төрт бөліктен тұрады: «төр», «есік», «оң жақ», «сол жақ». Осылайша, киіз үйдің жалпы құрылымы шеңберге салынған төртбұрыш (шаршы) тәрізді екендігін байқауға болады, уықтар мен шаңырақ құрған күмбез аспан мен жердің бірігуін бейнелейді.

Шаңырақ «макрокосм және баспана» жүйесінде киіз үй бөліктерінің ең жоғарғы деңгейі бола отырып, халық түсінігінде аспанмен тікелей байланысты саналды. Бақсылардың өздерінің рухтары-көмекшілерімен кездесу үшін шаңыраққа көтерілуін біз Сібір халықтарында кең тараған бақсының жоғарғы әлемге, яғни аспанға саяхаттауы жайлы түсінігімен байланыстырамыз. Ежелгі түркілердің, кейінірек қазақтардың шамандық ұғымында шаңырақ пен аспан салыстырмалы, өзара қайталанатын түсініктер. Көк аспан Тәңірі культімен терең мәндік байланысқа ие [Михайлов, 1980:143-152]. М.П. Хомоновтың пікірінше, «Тәңірі» атауының өзі Алтай тілдерінің ортақтығы кезеңінде қалыптасқан және тән (күмбез, арка, бағана) және гэр (киіз үй, үй, баспана) деген екі компоненттен тұрады [Хомонов, 1976: 55]. Біздің ойымызша, шаңырақтың ерекше сакрализациясын, оның ежелгі түркілердің тәңірі мен ата-баба культтерімен байланысы арқылы түсіндіруге болады [Стеблева, 1972: 213-214].

Халық түсінігінде шаңырақ жоғарғы мен төменгі, сондай-ақ сыртқы және ішкі арасындағы шекара болып есептелді. Шаңырақ арқылы үй ішіндегі адамдар күн, ай және жұлдыз сияқты қасиетті аспан шырақтарымен байланыс орната алды. Шаңырақ арқылы үйдің ішіне күндізгі жарықтың, күн сәулесінің түсуіне қазақтар ерекше мән берді. Сондықтан болар, тұрмыс құрғаннан кейінгі алғашқы айларда жас келін күн шыға сала тұрып, шаңырақтың түндігін ашуға міндетті болды [Төлеубаев, 1991:158].

Сондай-ақ, қазақ үшін шаңырақ отбасылық игіліктің, береке, бірліктің символы болып табылады. Қазақта шаңыраққа қарап ант беру рәсімі де бар.

Қарттар бата жасаған кезде «шаңырағын шайқалмасын» деуінің өзі шаңырақ бірліктің символы екендігін көрсетеді. Бұл «отбасында береке, бірлік пен бауырластық орнасын» деген мағынаны білдіреді. Ұлттық санада, қазақ дүниетанымында «шаңырақ» – «үй», «отбасы», «ұрпақ» болып саналса, рухани-философиялық түсінікте ол ошақтың символы, ұрпақтың, дәстүр мен тәрбиенің, рухани жақындықтың жалғасы

болып табылады. Бір әулеттің ұрпақтары туралы ризашылықпен айтқанда, әдетте «әкесінің шаңырағын құлатпай, түтінін түтетіп отыр» деп жатады. Қазақ үшін шаңырақ отбасы ұғымымен тығыз байланысты, сондықтан отбасында үлкен қайғы-қасірет болғанда немесе отбасы ажырасып кеткенде, «шаңырағы шайқалды» деп айтылуының өзінде үлкен мағына жатыр. Қазақ түсінігінде шаңырақ культтік ғұрыптармен тығыз байланысты болды және отбасының, тектің жалғасы ретінде қызмет етті. Сондықтан киіз үйдің шаңырағын ұрпақтан-ұрпаққа қалдырып отыруға тырысты. Ұрпағы жоқ адам қайтыс болса, шаңырағын қабірінде қалдырды және сол тектің, ұрпақтың тоқтауын білдірді. Осыған орай, отбасын құрып жатқан жастарға айтылатын «шаңырағың биік, босағаң берік болсын» – деген тілек амандық пен бақыт идеясын қамтиды.

Сондай-ақ, киіз үйдің шаңырағы зұлым күштерден қорғалған қасиетті бөлігі болып саналады. Шаңырақтың пішіні, оның бөліктері, материалы, сапасы – мұның бәрі отбасының игілігін қорғаушы «күт» ұғымымен тікелей байланысты [Шаханова, 1998: 12].

Шаңырақ шеңберіндегі бір-біріне тығыз бекітілген үш күлдіреуіш қазақтың үш жүзінің ынтымағын көрсетеді және қазақ киіз үйіне жоғарыдан төмен қарай қарасақ, шаңырақ күнге, ал уықтар күн сәулелеріне ұқсайды.

Халық ұғымында шаңырақ баспананың баламасы ретінде де қолданылады. Мәселен, әкешесі үйін «үлкен шаңырақ», «қара шаңырақ» десе, ертеде әр үйге салынатын салықты «шаңырақ салық» деп атаған [Арғынбаев, 1973: 34].

Шаңырақ – киіз үйге қатысты түрік және моңғол тілдерінде бір мағынаны беретін аз терминдердің бірі («цагрык») [Куфтин, 1926: 34], ал қалмақ тілінде «шанаран» [Пюрвеев, 1975: 10] деп аталуы бізге атаудың ертедегі ортақ негізінің болғанын көрсетеді.

Босаға және есік. Киіз үйдің киелі бөліктерінің бірі – босаға. Қазақ халқының түсінігінде есіктің босағасы мен табалдырығы қасиетті орын болып, яғни дәл осы жерде молшылық пен амандықтың сақталған жері саналды. Үйге кіре берісте жасалатын барлық іс-әрекеттерге семиотикалықтың жоғары дәрежесі [Сейдімбеков, 1989: 125] берілді. Мәселен, босағаны бірінші рет аттағанда жас келін табалдырықта үш рет иіліп, босағаға сәлем салады, босағаға сүйеніп, табалдырықты алдымен оң аяғымен аттап өтуі керек. Қазақ халқы есіктің

босағасына сүйенуге («босағаға сүйенбе»), кіре берісте тұруға («босағада тұрма») тыйым салды; баласы шетіней бергенде келесі туған баланың кіндігін босағада кесетін жағдайлар да кездесті; кейбір өңірлерде қайтыс болған адамды үйден шығарар алдында табалдырық үстінен үш рет көтеріп, түсірді.

Қазақ жерінде болған еуропалық елшілер хан ордасына келген уақытта табалдырықты баспауға тырысты, себебі бұл қара ниеттің белгісі саналды. Ертеде «жаман» хабармен келген хабаршы «қаралы» хабарды оң аяғымен табалдырықты басып, екі қолымен есіктің босағасын керіп тұрып айтқан. Түркі қағанаты заманынан бері белгілі бұл әдет XX ғ. басындағы қазақтарға да жетті [Төлеубаев, 1991: 159]. Бүгінгі күні де халық ішінде осы тыйымдар сақталған, «табалдырыққа тұрма, босағаны керме» деген сөздер балаларға айтылып жатады.

Халық түсінігінде баспанадан тыс кеңістік апат пен жабайы табиғат әлемін бейнеледі, осыған байланысты қазақта «Есіктен қырық қадам басқан адам мүсәпір» деген сөз осындай ұғымдармен тығыз байланысты.

Ертеде шаңырақ көтергелі отырған жас жұбайлардың отауын қалыңдықтың туыстары дайындады, ал отаудың есігін жігіттің туыстары жасатып әкелді. Бұл туралы белгілі этнограф Н.Ж. Шаханова: «Киіз үй мен есіктің қаңқасын әр түрлі шеберлердің жасауы, екі бастаудың (ерлер мен әйелдер) киіз үйде бірігуі қалыңдық пен күйеу жігіттің отау құруымен астасып жатыр» – деп саралайды [Шаханова, 1998: 21].

Шаңырақ пен есік сыртқы дүниемен арадағы көлденең және тік жатқан өткізгіш шекаралары ретінде санала отырып, киіз үйдің ең осал бөліктері болып есептелді.

Сондықтан шаңырақ пен есік түнде міндетті түрде жабылып, оларға апотропиялық (қорғаныс) мәні бар заттарды іліп қойды. Мәселен, әртүрлі жаманшылықтан сақтайды деп есіктің босағасына қойдың кәрі жілігін (қарыжілік деп те аталады) ілді, киіз үйдегі адамдарға жыланның зияны тимес үшін түнде табалдырыққа сүт («ақ») құйылған ыдыс қойды; әйел толғатып жатқанда зұлым рухтардың жақындауына жол бермеу мақсатында есіктің алдына «ақшағыр атты», ал шаңыраққа – бүркітті ұстады. Кейде киіз үйдің кіреберісіне ондағы отбасының әл-ауқатын қорғаушы-тұмар ретінде найзаны қадап қойды [Байбурин, 1983: 16].

Шаңырақ, есік және ошақ – семиотикалығы, белгілік пен киелілігі жоғары киіз үйдің

бөліктері. Діни-мифологиялық және культтік рәсімдердің көпшілігі осы ғұрыптық рәміздердің қатысуымен жасалады.

Уықтар және кереге. Шаңырақпен тығыз байланысты келесі элемент – киіз үйдің уықтары. Кейбір ғалымдар саны 60-қа дейін жететін уықтардың ұштарына киіз үйдің шаңырағы арқылы күн сәулесінің түсуіне қарап уақытты анықтауға болады деп санайды [Пюрвейлер, 1980: 175].

Киіз үй бөлшектеріне, оның ішінде уықтың атауына қатысты түркі-моңғол ұқсасастықтарын кездестіруге болады, мәселен, уық моңғолша «уни» деп [Вайнштейн, 1976: 65], қалмақ тілінде «унин» [Ежелгі түркі сөздігі, 1969: 10] деп аталады.

Көшпелі халықтардың басқа да жылжымалы тұрғын үйлерінен киіз үйдің негізгі айырмашылығының бірі – жиналмалы керегесінің болуы [16, 199-200 бб.]. Киіз үйдің керегесі өте маңызды бөлігі болып табылады, кейбір зерттеушілер, киіз үйдің атауы да «кереге» сөзінен шыққан деп пікір айтады. Мәселен, «терме гер» сөзінің семантикасы туралы этнограф М.С. Мұқанов: «терме гер» және «терме алаша» сөздерінің арасында байланыс бар, екеуі де тоқу, тор сөздерімен қатысты екенін байқауға болады, ежелгі уақыттардағы қарапайым тоқу өнері ертедегі хунн типті баспананың қалыптасуына, көшпелі халықтардағы тор көзді керегенің шығуына себепші болды» – деп жазады [Мұқанов, 1981: 205]. «Терме» және «теру», «терме гер» сөздерінің керегемен байланысы даулы болып көрінеді. С.А. Козин «терме керді» тор көзді киіз үй деп [Козин, 1941:190], Н.П.Шастина – «конус тәріздес киіз үй» – деп аударды [Шастина, 1958: 137].

Киіз үйдің моңғолша атауы «кер» (гер) генетикалық тұрғыдан ежелгі түріктердің «кегау» деген сөзінен шыққан, ол «шатыр, киіз үй» деген мағынаны білдіреді [Ежелгі Түрік сөздігі, 1969:212]. Ежелгі түркі «кегау» мен кейінгі қазақтың «кереге» сөздерінің семантикалық мазмұны ортақ – «кер» – ден басталып тұрғаны даусыз. Қазақ мәдениетін зерттеген Б.А. Куфтин: «кереге» сөзін этимологиялық жағынан қарастырсақ, ол «кер» түбірінен шыққан, яғни «созылу» деген мағынаны береді» – деп жазды [Куфтин, 1926: 34]. Шынында да, киіз үй керегесінің созылуы оны құру

кезіндегі басты ерекшелігі. Қазақ киіз үйін жанжақты зерттеген М.С. Мұқанов Қазақстанның шығысында киіз үйді «кереге» деп атау кездесетінін айтады [Мұқанов, 1974: 195]. Осы аймақтың қазақтарында ұлын үйлендіріп, оны жеке отау қылып, бөлек шығарғанда, «баласын үйлендіріп, бөлек кереге тұрғызып берді» деп айтып жатады.

Қорытынды

Қазақ киіз үйі баспана ретінде көшпенділердің тұрмыс қажеттіліктеріне байланысты дәл есептеліп, ойластырылып қана қоймай, безендірілуімен ерекшеленеді және киіз үйді құру ұстанымы халықтың қоршаған әлемге деген көзқарасының көрінісі деп айтуға болады. Киіз үйге қатысты деректерді саралай келе, қазақ тіліндегі «кереге» сөзі халық ішінде киіз үйдің мағынасында да қолданылып, киіз үй атауының өзінде аймақтық ерекшеліктердің бар екеніне көз жеткіздік. Сондай-ақ, моңғолша «гер» деген киіз үй атауы ежелгі түркі «кегау» сөзімен тығыз байланысты, нақтырақ айтқанда, оның «кер» деген түбірінен негіз алып тұр. Моңғол тілдес халықтарға киіз үй ежелгі түріктерден енді деген тұжырымды қолдайтын ғаламдар біршама, [Лубсан Данзан, 1973:52-54; Попов, 1961: 52-54 б.], ал моңғол тіліне киіз үй атауының да түріктерден енді деген пікірі де күмән тудырмайды.

Киіз үйге қатысты деректерді талдай отырып, қазақ киіз үйі тұрғын үй ғана емес, сонымен қатар архитектура, қолөнер, сәндік-қолданбалы өнер сияқты әр түрлі өнер салаларын қосатын ерекше туынды деуге толық негіз бар.

Қорытындылай келе, археологиялық деректерге сүйене отырып, киіз үйді қазақ халқы өте ерте замандардан, қола дәуірінен бері қолданып келе жатыр деп айта аламыз. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы киіз үйдің символикасы күнделікті өмірдің дүниетанымдық тәжірибесін де анықтады деген қорытынды жасауға болады.

Мақала BR18574057 «Қазақстанның оңтүстік-шығыс және шығыс аймақтарының (Шу-Іле ауданы, Тарбағатай және Алакөл алабы) мәдени мұрасын пәнаралық (археологиялық және тарихи-этнографиялық) зерттеу» атты мақсатты қаржыландыру бағдарламасы аясында жазылды.

Әдебиеттер

- Аргынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке. – Алматы, 1973. – 203-б.
- Байбурина А.К. Жилище в обрядах и представлениях восточных славян. – Л., 1983. – 136 с.
- Вайнштейн С. И. Проблемы истории жилища степных кочевников Евразии // Советская этнография, 1976. – № 4. – С. 42–43.
- Древнетюркский словарь. – Л., 1969. – 300 с.
- Кенесбаев С. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 560 с.
- Кенесбаев С. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1989. – 248-б.
- Куфтин Б.А. Киргиз-кайсаки: Культура и быт. – М., 1926. – 134 с.
- Козин С. А. Сокровенное сказание. Монгольская хроника 1240 г. – М., 1941. – Т. I. – 190 с.
- ЛубсанДанзан. Алтантобчи: (Золотое сказание). – М., 1973. – 237 с.
- Маргулан А.Х. Казахская юрта и ее убранство // Народы Средней Азии и Казахстана. – М., 1962. – Т. 1. – С. 21–44.
- Михайлов Т. М. Из истории бурятского шаманизма (с древнейших времен до XVIII в.). – Новосибирск, 1980. – 252 с.
- Муканов М.С. Казахская юрта. – Алма-Ата, 1981. – 205 с.
- Муканов С. Халық мұрасы. – Алматы, 1974. – 102- б.
- Оразбаев А.М. Поселение Чаглинка (Шагалалы). Некоторые формы и типы жилищ // По следам древних культур Казахстана, 1970. – С.129-146.
- Попов А. А. Жилище // Историко-этнографический атлас Сибири. – М.-Л., 1961. – С.52-54.
- Пюрвеев Д. Б. Архитектура Калмыкии. – М., 1975. – С. 10.
- Пюрвеев Л. Культурное наследие кочевников в аспекте проблемы стационарного и мобильного в архитектуре // Проблемы изучения и охраны памятников культуры Казахстана. Алма-Ата, 1980. – С. 175.
- Радлов В. В. Из Сибири: страницы дневника. -М.: Наука, 1989. – 749 с.
- Стеблева И.В.К реконструкции древнетюркской религиозно-мифологической системы // Тюркологический сборник. – М., 1972. – С. 213–214.
- Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX-нач.XX в.). – Алма-Ата: Гылым, 1991. -214 с.
- Топоров В.Н. О космологических источниках раннетюркских описаний // Труды по знаковым системам. – Алма-Ата: Тарту, 1973. – Вып. 6. – С. 114–121.
- Шаханова Н.Ж. Мир традиционной культуры казахов. – Алматы, 1998. –212 с.
- Шастина Н.П. Русско-монгольские посольские отношения 17-го века. – М., 1958. – 211 с.
- Фатиков Р.Р. К семантике шанарака // Проблемы изучения и охраны памятников культуры Казахстана. – Алма-Ата, 1980. – С.179-185.
- Хомонов М. П. Бурятский героический эпос «Гэсэр». – Улан-Удэ, 1976. – 251 с.

References

- Argynbayev H.A. Kazak khalkyndagy semia men neke. – Almaty, 1973. – 203-b.
- Baiburin A.K. Dwelling in the rites and representations of the Eastern Slavs. – L., 1983. – 136 p.
- Weinstein S.I. Problems of the history of the dwelling of steppe nomads of Eurasia // Soviet Ethnography, 1976. – No. 4. – pp. 42-43.
- Ancient Turkic Dictionary. – L., 1969. – 300 p.
- Kenesbaev S. Kazak tilinin phraseologiyalyk sozdigi. – Almaty, 1977. – 560 p.
- Kenesbaev S. Kazak tilinin phraseologiyalyk sozdigi. – Almaty, 1989. – 248-b.
- Kuftin B.A. Kirghiz-kaisaki: Culture and life. – M., 1926. – 134 p.
- Kozin S.A. The secret legend. The Mongolian Chronicle of 1240 – M., 1941. – T.I. – 190 p
- Lubsan Danzan. Altantobchi: (Golden Legend). – M., 1973. – 237 p.
- Margulan A.H. Kazakh yurt and its decoration // Peoples of Central Asia and Kazakhstan. – M., 1962. – Vol. 1. – pp. 21-44.
- Mikhailov T.M. From the history of Buryat shamanism (from ancient times to the XV century.). – Novosibirsk, 1980. – 252 p.
- Mukanov M.S. Kazakh yurt. – Alma-Ata, 1981. – 205 p.
- Mukanov S. Halyk murasy. – Almaty, 1974. – 102- b.
- Orazbayev A.M. Settlement of Chaglinka (Shagalaly). Some forms and types of dwellings // In the footsteps of ancient cultures of Kazakhstan, 1970. – p.129-146.
- Popov A.A. Housing // Historical and ethnographic atlas of Siberia. – M.-L., 1961. – p.52-54.
- Puurveev D.B. Architecture of Kalmykia. – M., 1975. – P. 10.
- Puurveev L. Cultural heritage of nomads in the aspect of the problem stationary and mobile in architecture // Problems of studying and protecting cultural monuments of Kazakhstan. Alma-Ata, 1980. – p. 175.
- Radlov V.V. From Siberia: diary pages. -M.: Nauka, 1989. – 749 p.
- Stebleva I.V. On the reconstruction of the ancient Turkic religious and mythological system // Turkological collection. – M., 1972. – pp. 213-214.

- Toleubaev A.T. Relics of pre-Islamic beliefs in the family ritual of the Kazakhs (XIX-early XX century.). – Alma-Ata: Gylym, 1991. -214 p.
- Toporov V.N. On cosmological sources of early Turkic descriptions // Works on sign systems. – Alma-Ata: Tartu, 1973. – Issue 6. – pp. 114-121.
- Shakhanova N.Zh. The world of traditional culture of the Kazakhs. – Almaty, 1998. -212 p.
- Shastina N.P. Russian-Mongolian embassy relations of the 17th century. – M., 1958. – 211 p.
- Fatikov R.R. To the semantics of shanarak // Problems of studying and protecting cultural monuments of Kazakhstan. – Alma-Ata, 1980. – pp.179-185.
- Homonov M.P. Buryat heroic epic "Geser". – Ulan-Ude, 1976. – 251 p.